



ҚАРУСЫЗДАНУ МӘСЕЛЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ АРТА ТҮСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, Қарусыздану мәселелері жөніндегі жоғарғы өкіл Изуми Накамицуды қабылдады.

Кездесу барысында аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қарусыздану мен ядролық қаруды таратпау ісінде Қазақстанның БҰҰ институттарымен жан-жақты ықпалдастығының перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысының орынбасарына ілтипат білдіре отырып, Ұйым қазіргі заманның өзекті проблемаларын шешуде айрықша рөл атқаратынын және оның орнын ешқандай құрылым алмастыра алмайтынын атап өтті.

– Қазақстанның қарусыздану және жаппай қырып-жоятын қаруларды таратпау мәселесіне қатысты ұстанымы берік. Қазіргі әлемде болып жатқан оқиғалар тұрғысынан алғанда, бұл мәселелердің өзектілігі мен маңыздылығы арта түсті. Мұның алаңдаушылық туғызатыны сөзсіз.

Ертең біз Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күнін атап өтеміз. Бұл – бүкіл адамзат баласына ядролық сынақтар жүргізудің әрі ядролық қаруды қолданудың қауіпті екенін еске салатын өте маңызды дата. Еліміз БҰҰ институттарымен тығыз байланыс орнатуға бейіл әрі Ұйымды баламасы жоқ, әмбебап халықаралық құрылым ретінде қарастырады, – деді Президент.

Өз кезегінде Изуми Накамицу Қазақстанның ядролық қаруды таратпау жөніндегі жаһандық үдерісте көшбасшылығын жоғары бағалады. Сондай-ақ еліміздің орта держава ретіндегі рөлі артып келе жатқанын ерекше атап өтті.

Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев пен Изуми Накамицу халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер туралы пікір алмасты.



БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН БАҚЫЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайыловты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Жоғары аудиторлық палатаның биылғы II тоқсандағы жұмысының қорытындылары таныстырылды. Атап айтқанда, теміржолға баса назар аудара отырып, көлік саласына, сондай-ақ Абай, Жетісу, Ұлытау, Алматы облыстарының бюджеттеріне және қазақстандықтарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесіне аудит жүргізілген. Жалпы сомасы 2,9 триллион теңгеден астам қаржыны құрайтын 73 нысан тексерілген. Нәтижесінде, 39 миллиард теңгеден астам қаражаттың заңсыз жұмсалғаны анықталған.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, кемшіліктерді жою үшін көлік саласын дамыту, бюджеттік-инвестициялық жобаларды іске асыру, отандық фармацевтика өнімдерін өндірушілерді мемлекет тарапынан қолдау тетігін қайта қарау жөнінде ұсыныстар әзірленді.

Президентке мемлекеттік аудит жүйесін реформалау жөніндегі ұсыныстар топтамасы таныстырылды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына биыл екінші жартыжылдықта жүргізілетін аудиторлық іс-шаралар туралы баяндалды. Тексеру жұмыстары Назарбаев университеті және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қызметін, сот жүйесін, сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы, өңдеу өнеркәсібіндегі және құрылыстағы жекелеген бағыттарды қамтиды.

Қасым-Жомарт Тоқаев бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің пайдаланылуын мүлтіксіз бақылауды қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ жалпы мемлекеттік аудит жүйесінің тиімділігін одан әрі арттыруға ерекше мән беру керек екенін айтты.

АТА ЗАҢ АШҚАН КЕҢ ТЫНЫС



Конституция күні мерекесі – өткенді саралап, жеткенді бағамдайтын сәт. Бұл ретте конституциялық реформа жүзеге асырылған 2022 жылдан бергі мерзім – Қазақстан тарихындағы ауқымды саяси реформалар мен мемлекеттік жаңғырулар кезеңі ретінде қалмақ. Шын мәнінде, ел тарихының жаңа бетіне айналған маңызды оқиғалар конституциялық реформадан бастау алды. Оның аясында ескі жүйеде қабылданған Конституцияның 33 бабына жаңа заман талабына сәйкес келетін түзетулер енгізілді.

(Жалғасы 3-бетте)

ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ ӨТЕДІ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2024 жылғы 2 қыркүйекте сағат 11.00-де Астана қаласында шақырылсын», – деп жазылған Өкім мәтінінде.



KUNDELİK ТУРАЛЫ КҮДІК КӨП

БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫ ЖҮЙЕ ҚАНДАЙ?

Цифрлы дәуір – ақыл-ой дәуірі. Білім мен ғылым ғасыры. Елімізде білім саласын цифрлы жүйеге көшіруге қатысты реформа жүргізіліп жатқанына біраз жыл болды.

Мәселен, «Цифрлы Қазақстан» жобасының аясында еліміздің барлық мектебінде kundelik.kz бағдарламасы іске қосылды. 2016 жылы жасалған жоба 2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілді. «11 жылда өзін-өзі ақтап шығады» деп сенім артқан жүйе бүгінге дейін өз соқпағына түсе алмады. Тіпті, kundelik еліміздің ақпараттық қауіпсіздігіне қатер төндіретіні туралы депутат Ермұрат Бапи мәселе көтерді.

(Жалғасы 7-бетте)

• БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



ЗАМАНАУИ РЕАКТОРЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІК ДЕҢГЕЙІ ӨТЕ ЖОҒАРЫ

5



КӨШПЕНДІЛЕР РУХЫ: ШЕКСІЗ КӨКЖИЕКТЕР

8



СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Парламент Сенатының Төрағасы, Қазақстан бочча федерациясының Президенті Мәулен Әшімбаев Парижде жалауы желбіреген XVII жазғы Паралимпиада ойындары аясындағы іс-шараларға қатысты. Францияға жұмыс сапары барысында палата Спикері ЮНЕСКО-ның Инклюзия жөніндегі конференциясында сөз сөйледі. Сондай-ақ ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одрэ Азулемен және Халықаралық паралимпиада комитетінің президенті Эндрю Парсонспен кездесті.

Конференция параспорттың инклюзия саласына беретін тың әсері және оны кеңінен қолдану мәселелеріне арналды. Қазақстан бочча федерациясының Президенті іс-шараға қатысушыларға іттипат білдіріп, Паралимпиада ойындары қарсаңында осындай ауқымды жиын ұйымдастырғаны үшін ЮНЕСКО-ның басшылығы мен өкілдеріне алғысын жеткізді. Сондай-ақ ол мұндай бастама ерекше қажеттілігі бар адамдарды қолдауға және осы алаңда инклюзия мәдениетін дәріптеудің келешегін талқылауға зор мүмкіндік беретінін атап өтті. Мәулен Әшімбаев бұл сала Қазақстанда соңғы жылдарда елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүргізіліп жатқан реформалардың басым бағыттарының біріне айналып, айрықша маңызға ие болғанын да тілге тиек етті.

Конференцияда кешенді қолдауды қажет ететін мүмкіндігі шектеулі адамдарды оналту мәселесіне баса мән берілді. Сенат Төрағасы атап өткендей, бұл бағытта медициналық аспектілерге ғана басымдық беріп қоймай, ерекше қажеттілігі бар азаматтарды жұмысқа орналастыру, сондай-ақ оларға өздерінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға, сапалы білім алуға, қоғам өміріне белсенді араласып, мемлекеттік басқару ісіне қатысуға толық жағдай жасау аса маңызды.

«Қазақстанда мемлекеттік саясатта инклюзивті тәсілдерді іске асыруға баса мән беріліп келеді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүргізіліп жатқан жаңғыртулар әділеттілік қағидатына табан тірейді. Баршаға тең мүмкіндік беретін инклюзивті қоғам құрмай ол қағидатқа қол жеткізе алмаймыз. Біздің мақсатымыз — ерекше қажеттілігі бар азаматтар бетпе-бет келетін проблемаларды шешу жолында дәстүрлі қайырымдылықтың және медициналық қолдаудың аясынан шығу. Біз олардың қоғамға бейімделуіне және өмірден өз орындарын табуына жана серпін беретін тиімді экожүйе қалыптастыруды көздеп отырмыз», — деген Қазақстан бочча федерациясының Президенті Қазақстан заңнамасындағы инклюзивті білім беруді дамытуға, әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдауға және мүгедектігі

бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған өзгерістерге тоқталды.

Халықаралық конференция барысында БҰҰ-ның Бас хатшысы Антонио Гутерриш, ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одрэ Азуле, Халықаралық паралимпиада комитетінің президенті Эндрю Парсонс және тағы басқалар сөз сөйледі.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Халықаралық паралимпиада комитетінің президенті Эндрю Парсонспен кездесті. Тараптар паралимпиадалық спорт түрлерін одан әрі дамытуға қатысты өзекті мәселелерді талқылап, пікір алмасты. Сұхбат кезінде Сенат Төрағасы Қазақстанда ерекше қажеттілігі бар адамдарды қолдау мен параспортты дамыту үшін қандай шаралар қолға алынып жатқанын айтты.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одрэ Азулемен кездесті. Онда Алматыда БҰҰ Өңірлік бюросымен жұмысты жандандыру, рухани дипломатияны ілгерілету, Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу және тағы басқа көпжоспарлы өзара іс-қимылды арттыру мәселелері әңгімеге арқау болды.

Өз кезегінде Одрэ Азуле өзара іс-қимылды арттыруға мүдделі екенін айтып, Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан реформалар мен заңнамалық өзгерістердің тиімділігін тілге тиек етті.

Айта кетейік, бүгін Қазақстан паралимпиада құрамасы Астана уақыты бойынша сағат 23:00-де Парижде өтетін XVII жазғы Паралимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысады. Дүбірлі дода 8 қыркүйекке дейін жалғасады. Жарысқа 182 елден келген 4400-ге жуық спортшы қатысып жатыр. Олар барлығы 549 медаль жиынтығын сарапқа салады.

Қазақстан ұлттық құрамасы бұл ойындарда спорттың 9 түрінен 33 жолдама жеңіп алды. Нақты айтқанда, отандық атлеттер пара жеңіл атлетика, парапауэрлифтинг, паратаеквондо, пара үстел теннисі, паражазу, парадзюдо, параканоэ, пара оқ ату және отырып ойнайтын волейболдан сығға түседі. Осы ретте қазақстандық параспортшылар пара үстел теннисі мен пара каноэден Паралимпиадаға алғаш рет қатысып жатқанын айта кеткен жөн.

«АМАНАТ»: МЕКТЕПТЕГІ ТАМАҚ САПАСЫНА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙЕДІ

Жаңа оқу жылы қарсаңында «АМАНАТ» партиясының мүшелері мектеп оқушыларын тамақтандыру жүйесі қаншалықты сапалы жұмыс істейтінін зерделеп, болған олқылықтар мен оларды жою жөніндегі нақты шараларды талқылады.



Бастауыш сыныпта білім алатын, сондай-ақ әлеуметтік осал топ санатындағы отбасыларда тәрбиеленетін оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасы қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы «АМАНАТ»-тың Партиялық бақылау комитетінің кезекті отырысында сөз болды.

Бүгінде мектеп қабырғасында 1,7 млн-нан астам оқушы тегін тамақпен қамтылған, оның 1,4 млн-нан астамы — бастауыш сынып оқушылары, қалған 340 мыңы — әлеуметтік осал топ санатындағы отбасыларда тәрбиеленетін 5-11-сынып шәкірттері. Биыл бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 164 млрд тенге бөлініп отыр. Мектептер мен балабақшалардағы тамақ сапасын бракераж комиссиялары бақылайды. Комитет төрағасы, Мәжіліс депутаты Павел Казанцев бұл жұмысқа партиялықтар да белсенді араласуға тиіс екенін атап өтті.

«Дұрыс тамақтану ағзаның сау әрі мықты болып қалыптасуы кезінде шешуші рөл атқарады. Сондай-ақ балалардың ақыл-ойы мен физикалық тұрғыда дамуына ықпал етеді. Сондықтан әр бала әлеуметтік мәртебесі мен тұрғылықты жеріне қарамастан сапалы әрі үйлесімді тамаққа қол жеткізуі керек. Бұл тек денсаулық сақтау мәселесі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік әділдік пен тең мүмкіндік мәселесі», — деді ол.

Алайда жағдайды бақылау және жақсарту бағытында көп жұмыс істеліп жатқанына қарамастан, жекелеген жағдайлар қоғамдық үлкен резонанс тудыруда. Комитет төрағасының орынбасары Майра Айсына мектеп оқушыларына мерзімі өткен өнімдер беріліп, ыстық тамақтың салмақ нормалары сақталмайтынына, тағамдардың дәмсіз екеніне қатысты бірқатар мысал келтірді. Баяндамада 2023 жылы қазанда Павлодарда мектеп асханасында 7-сынып оқушысы ботқадан тірі құрт тауып алғаны; 2023 жылы қарашада Жамбыл облысы Сарыкемер ауылындағы мектеп асханасында адамдар жаппай уланып, 33 оқушы мен 2 мұғалім ауруханаға жатқызылғаны айтылды. Ал биыл сәуірде Алматы облысы Кемертоған кентінде балалар жаппай іш ауыруына шағымданып, мектеп асханасынан мерзімі өткен өнімдер анықталды; Ақмола облысы Зеренді ауылында асхананың бұрынғы қызметкерлері балалар қалған құтқан азық-түлікпен тамақтандырылғанын мәлімдеді.

Бұл ретте ПБК төрағасы жауапсыз азық-түлік жеткізушілеріне қатысты қабылданатын шараларды қатаңдату, соның ішінде оларды «қара тізімге» қосу және мектептерді азық-түлікпен қамтамасыз ету құқығынан біржола айыру қажет екенін айтты.

«Жауапсыз жеткізушілер алдымен тендерді жеңіп алады, содан кейін барып құжат рәсімдей бастайды.

Бұл — мүлдем қисынсыз жағдай. Мұндай компаниялар тіпті тендерге де қатыстырылмауы керек. 4 жыл бойы шағын және орта бизнес субъектілерін жоспарлы тексеруге мораторий жарияланды. Алайда арыз-шағым түскен жағдайда тексеріс жүргізуге де болатын еді. Бала ауруханаға түскенше күтіп отырудың қажеті жоқ. Бала — ең қымбат қазынамыз. Сондықтан біз, партиялық бақылау комитеті, осы мәселелерге жан-жақты назар аударуымыз керек», — деді Павел Казанцев.

Комитет мүшесі, Сенат депутаты Нұрторғе Жүсіп бүгінде мектеп асханаларында тәтті тағамдарды, алкогольдік және энергетикалық сусындарды, фаст-фуд және осыларға ұқсас өзге де өнімдерді сатуға тыйым салынғанына назар аударды. Алайда білім ошағының іргесіндегі дүкендерде, әсіресе ауылдық жерлерде, бұл өнімдердің барлығы сатылымда бар. Кейбір балалардың асханаларда тамақ ішпейтінін бір себебі — осы. Осыған байланысты, депутат білім ошақтары жанында зиянды тағамдарды сатуға шектеу қоюды, сондай-ақ қолданыстағы мектеп мәзірін қайта қарауды ұсынды.

Бұған жауап ретінде Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан мектеп қабырғаларында балаларды дұрыс тамақтану мәдениетіне, дастарқан басында дұрыс тамақтануға және тағам тандай білуге баулу жұмыстары басталғанын жеткізді. Қазақ ұлттық тағамдарына келетін болсақ, бұл жұмыс Астана мен Алматыдағы бірнеше мектептің асханасында пилоттық режимде қолға алынды. Бүгінде Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық тамақтану академиясымен бірлесіп, осы мәселені пысықтауда екенін айтты.

Өз кезегінде, комитет мүшесі, Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева МЖӘ тетігінің тиімділігіне және жеке тамақ жеткізушілерді тарту жұмысына талдау жүргізуді ұсынды.

Отырыс қорытындысы бойынша ПБК мүшелері мектептердегі тамақ сапасын жақсарту үшін бақылау және мониторинг жүргізудің жаңа тетіктерін енгізу бойынша орталық және жергілікті уәкілетті мемлекеттік органдардың атына жолданатын бірқатар ұсыным қабылдады. Атап айтқанда, мектептегі тамақтың ұлттық стандарттарын әзірлеу, өндіруден бастап мектепке жеткізуге дейінгі барлық кезеңінде өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету жүйесін енгізу қажет.

Сонымен қатар комитет кәсіби диетологтер мен нутрициологтарды тарта отырып, мектеп асханалары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды талап етті. Сондай-ақ партиялықтар мектеп асханаларына азық-түлік сатып алу процесін мемлекеттік сатып алу туралы заң аясында реттеуді қайтара мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Б.ҚАБАЙ

СЫР ӨҢІРІ АУЫЛДАРЫ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Сыр өңіріне жұмыс сапарымен барған Парламент Мәжілісінің депутаттары, «АМАНАТ» партиясы депутаттық фракция мүшелері Мархабат Жайымбетов пен Мұрат Ергешбаев аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге өңірге қарасты «Төретам» кенті мен «Ақай» ауылын табиғи газға қосу салтанатты шарасына қатысты.

Салтанатты шарада фракция мүшелері «көгілдір отын» игілігіне кенелген тұрғындарды құттықтап, партияның сайлауалды бағдарламасында елді мекендерді дамытуға бағытталған ауықымды жобалармен таныстырып өтті.

«АМАНАТ» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасында елді мекендерді газдандыру, жарықтандыру, таза ауысу, сапалы жолмен қамтамасыз ету үшін нақты жоспарлар жасалынған. Елдің игілігіне бағытталған әрбір жобаның сапасы мен уақытылы пайдалануға берілуі ерекше назарда. Біздер өңірдегі сапарымызда осы

айтылған уәделердің орындалуын бақылап жүрміз. Бүгінгі жұмыстар жергілікті билікпен бірлесіп атқарылған істердің нәтижесі», — деді Мархабат Жайымбетов өз сөзінде.

Облыс әкімі Сыр өңірін дамытуда ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. «Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд тенге болса, бүгінде 733 млрд тенгені құрайды, яғни 101,4% өсім бар. Бұл қаражат аймақтағы ең өзекті мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларға жұмсалуда. Биыл 11 елді мекенді газдандыру бойынша 30 млрд тенгенің 20 жобасы жүзеге асырылуда. Нәтижесінде, газбен

қамту көрсеткіші 78%-ға жетеді. Облыс халқының 98,4%-ы орталықтандырылған ауызсумен қамтылған. Осы уақытта 5 млрд 300 млн тенгенің 13 жобасы қарқын алды. Аймақта 43 млрд 300 млн тенгеге 300 шақырымнан астам автомобиль жолы жөндеуден өтеді. Осылайша, жақсы жағдайдағы жолдар үлесі 92%-дан аспақ», — деді аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев.

Сонымен қатар фракция мүшелері Қармақшы ауданында «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында әлеуметтік осал топтағы отбасылар үшін сатып алынған 50 пәтердің кілтін табыстады. Пәтер кілтін алғандар арасында көпбалалы, толық емес отбасылар, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, Ауған соғысының ардагері, I-II топ мүгедегі және өзге де әлеуметтік топ өкілдері бар.

Айта кетейік, өңірде соңғы екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Биыл тұрғын үй құрылысына және дайын пәтерлер сатып алуға 34,1 млрд тенге бөлінген. Бұл арқылы 2,5 мыңнан астам пәтерді пайдалануға беруге мүмкіндік жасалмақ. Жыл басынан бері 600-ден астам отбасы қоныстойын тойлады.

Берік БЕК



(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Жаңарған Ата Заң республиканың бүкіл саяси жүйесін қайта жүктеу процесін іске қосты. Оны халық жалпыұлттық референдумда қабылдады. 2022 жылғы 5 маусымда өткен республикалық референдумда қоғам талқысына шығарылды: бюллетенде «2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасында баяндалған ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» деген тұжырымдамалық сауал қойылды. Референдумға қатысқан сайлаушылардың 77,18%-ы оны жақтап дауыс берді.

Президент жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының бас сарапшысы Әлішер Тасенов Үкімет пен Парламент депутаттары конституциялық түзетулерге өмірге жолдама беретін, заңдық тұғырын түзетін тиісті заңдарды, нормативтік-құқықтық актілерді барынша тез әзірлеп, қысқа мерзімде қабылдай алғанын айтады.

— Олардың алғашқы тобы VII шақырылымдағы Парламент Мәжілісіне 2022 жылғы күркіректе енгізілді. Бұл заңдарды сол кездегі депутаттық корпус мүкіят әрі жан-жақты қарап, пысықтап, жылдам-ақ қабылдады. Конституциялық реформа жаңа, үлкен электоралды циклге қозғау салды. Ол 2022 жылғы 20 қарашада Қазақстан Президентінің кезектен тыс сайлауынан басталды. Ізінше, 2023 жылғы 19 наурызда Мәжіліс депутаттары мен барлық деңгейдегі мәслихаттардың мерзімінен бұрынғы сайлаулары өтті. Содан соң Сенат құрамы да айтарлықтай жаңарды. Ауыл, кент, шағын қала тұрғындары өз әкімдерін тікелей өздері сайлап жатыр, — дейді сарапшы.

2023 жылғы 5 қарашада аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлаудың пилоттық жобасы жүзеге асырылды. Ал 2025 жылдан аудан-қала әкімдері жаппай, тұрақты негізде сайлана бастайды. Ә.Тасеновтің пайымдауынша, бұл реформалар елдің саяси өмірін либерализациялауға, жүйенің жана тенгерімін орнықтыруға, жаңа саяси мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

ЖАҢАРҒАН КОНСТИТУЦИЯ ДАМУДЫ ЖАНДАНДЫРДЫ

Конституциялық реформа мен соның аясында жаңарған Ата Заң, сондай-ақ қолға алынған саяси жаңғыру іс-шаралары тарихи бетбұрыстарға жол ашты. Қазақстанда Президент



АТА ЗАҢ АШҚАН КЕҢ ТЫНЫС

Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, жаңа мемлекеттік моделді, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа форматын құру басталды.

Біріншіден, Конституцияны өзгерту арқылы мемлекет басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен — мықты Парламенті, есеп беретін Үкіметі бар президенттік республикаға көшті. «Мықты Парламент» қағидаты аясында депутаттық корпусқа айтарлықтай құқық пен құзырет берілді.

Жаңарған Конституцияның 42-бабының 5-тармағында: «Бір адам бір реттен артық Республика Президенті

болып сайлана алмайды» деп қысқартуға жазылды. Президент жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметші болуға және квазимемлекеттік секторда басшылық лауазымдарды иеленуге заң жүзінде тыйым салды. Ол қоғам тарапынан да қызу қолдау тапты. Себебі бұған дейін мемлекеттегі ең жоғары лауазымды тұлғаның қолында барлық өкілеттіктің шоғырлануы оған жақын тұлғалар мен қаржылық-олигархиялық топтардың ықпалын орынсыз күшейткені белгілі. Бұған ендігіде жол берілмеуге тиіс.

САЯСИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ИГІЛІГІ КӨП

Тағы бір даусыз жетістік. Кеңес заманынан қалған дәстүрмен жеке басқа табыну, тұлға культін дәріптеу тоқтатылып, «Тұңғыш Президенттің айрықша мәртебесін» бекітетін норма атаулы Ата Заңнан тегіс алып тасталды. Осылайша, «заң алдында барлығы тең» қағидатының үстем болуына маңызды қадам жасалды.

46-баптағы «Қазақстанның Тұңғыш Президентінің статусы мен өкілеттіктері Конституциямен және конституциялық заңдармен айқындалады» деп келетін тармақ та алып тасталды. Сөйтіп, «Тұңғыш Президент», «Елбасы» деген мәртебелер жойылды. Бірқатар дамыған елдің тәжірибесі бойынша Конституцияда «экс-президенттер» деген мәртебе ғана қалды.

Үшіншіден, конституциялық реформа аясында Парламенттің, соның

ішінде Мәжілістің рөлі мен құзыры күрт күшейтілді. 2023 жылдан бастап Мәжіліс жана сайлау жүйесімен, яғни партиялардың тізімі және бірмандатты округтер арқылы жасактала бастады.

VIII шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің сайлауы 2023 жылғы 19 наурызда өтті. Сайлау аралас жүйе — біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша өткізілді. Сайлау қорытындысында, 69 депутат — партиялық тізім бойынша 6 саяси партиядан, тағы 29 депутат — бірмандатты аумақтық сай-

соғыс уақытында аса ауыр қылмыстарды жасағандарды өлім жазасына кесуге жол беретін. 2022 жылғы конституциялық реформа аясында өлім жазасынан Қазақстан толығымен бас тартты. Жаңғырған Ата Заңның 15-бабының 2-тармағында енді: «Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына тыйым салынады» деп жазылған.

Бесіншіден, Қасым-Жомарт Тоқаев сонау 1995 жылы қызметін тоқтатқан Конституциялық Сотты қалпына келтіру бастамасын көтерді. Конституцияға енгізілген түзетулердің бір тобы да соған қатысты болды. Кейбіреуге 1995 жылдан бері болған көзбояушы құрылым «Конституциялық кеңестің» аты ғана өзгергендей көрінуді мүмкін, бірақ Президент айтқандай, шын мәнінде, оның заты түбегейлі өзгерді. Конституциялық Сот шешімдерінің күшін ешкім жоя алмайды. Оның шешімдеріне бірде-бір мемлекеттік органның, тіпті Президенттің де қарсы шағым келтіруге құқығы жоқ.

Ата Заңға енгізілуі мүмкін кез келген өзгеріс пен толықтыру Конституциялық Соттың оң қорытындысы болса ғана республикалық референдумға не Парламенттің қарауына шығарылады. Конституциялық Сотта 8 жыл қызмет ететін 11 судья бар, оның алтауын, яғни көпшілігін, Президент емес, Парламент тағайындайды. Төрағасын Президент тағайындағанымен, міндетті түрде Сенаттың келісімі қажет. Ата Заңның үстемдігін қамтамасыз ететін, конституциялық бақылауды жүзеге асыратын осы жоғары орган 2023 жылғы 1 қантарда жұмысқа кірісті.

Конституциялық реформа аясында Есеп комитеті таратылып, орнына Жоғары аудиторлық палата құрылды. Елдің идеологиясын айқындайтын Мемлекеттік хатшы лауазымы орнына Мемлекеттік кеңесші лауазымы енгізілді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (омбудсмен) конституциялық мәртебесі бар органға айналды.

Конституциялық Сот судьясы, заң ғылымдарының докторы Сергей Ударцевтің пайымдауынша, 2022 жылдан бері жүрген жаңғырулар бірнеше бағытта өтті.

«Конституциялық өзгерістер, саяси жаңарулар елді демократиялық дамытуға, суперпрезиденттік республикадан ықпалды Парламентті бар президенттік басқаруға көшуге, азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін нығайтуға бағытталды. Парламенттің мәртебесі мен рөлі артып, биліктің демополицизациялауға қадам жасалды. Басқару формасының түзетуі әлеуметтік наразылықты азайтуға, халықтың билікке деген сенімін қалпына келтіруге, ұлттық табыстың анағұрлым өділетті бөлінуін қамтамасыз етуге жол ашты», — деді заңгер.

Бірқатар сарапшының санауынша, кейінгі екі жарым жылдай уақыт ішінде



ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРАДЫ

Қазақстанның Азаматтық Альянсы Конституция күні қарсаңында Ашық есік күнін ұйымдастырып, елорда тұрғындары үшін құқықтық кеңестер өткізді.

Құқықтық мәселелерді талқылау үшін үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мен қаланың белсенді азаматтары жиналды. Кеңесшілер ретінде Әділет департаментінің мамандары, қазіргі адвокаттар, нотариустар, заңгерлер, сарапшылар сөз сөйледі.

«ҮЕҰ мен елорда азаматтары үшін Ашық есік күнін бірінші рет ұйымдастырып оты-

рымыз. Бүгін барлық өңірде бір мезгілде құқықтық мәселелер бойынша Ашық есік күні өтуде. Нотариустардың, адвокаттардың кеңестерінің ақысын төлеуге бәрін қалтасы көтере бермейді. Әсіресе, отбасын бөлу немесе біріктіру, мұра, жәрдемақы төлеу, шоттарды бұғаттау сияқты және басқа да маңызды мәселелер бойынша жүгінеді. Сондықтан бүгінгі іс-шара тұрғындарға өз құқықтары туралы көбірек білуге көмектеседі. Құқықтық сауатсыздық азаматтық белсенділікті төмендетеді. Адамдар өз құқықтарын білетін болса, олар өз қалаларына, ауданына, ауылына бір нәрсе жасауға

мүмкіндігі болады», — деді қаланың Азаматтық бастамалар орталығының басшысы, Астана қаласы ҮЕҰ альянсының президенті Махаббат Еспенова.

Елорданың белсенді тұрғындары сарапшылармен бірлесіп, өзекті құқықтық мәселелерді талқылады. Сондай-ақ ұсынған алмасты. Қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, кәсіби көмек алды.

«Әртүрлі бағытта көптеген проблема бар — заңды, нотариаттық, сот. Бүгінгі алаң азаматтарға көмек көрсету үшін берілген. Адамдар кері байланыс, пайдалы ақпарат

«*«Конституциялық өзгерістер, саяси жаңарулар елді демократиялық дамытуға, суперпрезиденттік республикадан ықпалды Парламентті бар президенттік басқаруға көшуге, азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін нығайтуға бағытталды.*»

лау округтері бойынша сайланды. Қазіргі Мәжілісте партиялық тізім бойынша «AMANAT» партиясынан — 40 депутат, «Ауылда» — 8, «Respublica»-дан — 6, «Ақ жолдан» — 6, Қазақстан халық партиясынан — 5, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиядан 4 депутат жұмыс істейді.

Төртіншіден, бұған дейін Конституция адамдардың қазасына соқтырған террористік қылмыстарды, сондай-ақ

саяси жаңғырулар және басқа да реформалар өмірге жолдама алуы үшін 40 шақты заң қабылданған екен. Қазақстан 2022 жылғы конституциялық реформа арқылы демократиялану жолымен әлеуметтік шиеленісті төмендетудің, халық бірлігін арттырудың, қоғамды дамытудың төл үлгісін паш етті. Бұл саясаттың мол әлеуеті әлі де зор және оны толыққанды жүзеге асыруға бағдарланған жұмыстар жалғасып жатыр.



және көмек алады. Мұндай Ашық есік күндерін мамандарға өз бетінше жүгінуге мүмкіндігі жоқ тұрғындар үшін өткізу аса маңызды», — деп атап өтті Астана қаласының Адвокаттар алқасының мүшесі Арнұр Чегібаев.

Іс-шара «Адал азамат — белсенді қоғам» азаматтық қоғамды дамыту ұлттық орталығының қызметін ұйымдастыру» жобасы аясында өтті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, Ашық есік күндерін тұрақты түрде өткізу жоспарлануда.



Шығыстағы алты ауданның игілігіне айналатын еліміздегі ең ұзын көпірдің аяқталуына да көп уақыт қалған жоқ. «Көпір салынса» деген шекаралас аймақтағы ағайынның көптен күткен арманы еді. Бұл көпір – тіршілікті қайнатып, қаңырап қалған ауылдарға жан бітіруге сеп болатын алып құрылыс екені жаусыз. Ендеше көпір бітсе, шекарада жетімсіреп қалған аймақтарға ел қайта орала ма? Жүсіпбек Аймауытов «Алтай – жердің жұмағы! Алтайда болған адамда арман жоқ» деп суреттеген сұлу табиғаттың келешегі кемел бола ма деген сауалды Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ұлықбек Тұмашиновке қойдық.

**Ұлықбек ТҰМАШИНОВ,
Мәжіліс депутаты:**

БҰЛ КӨПІР – НӨПІР СӨЗДІҢ ЕМЕС, ІСТІҢ КӨРІНІСІ

– Ұлықбек Шабданұлы, Күршім, Зайсан, Катонқарағай аудандары тұрғындарына жарты ғасырдан бері арман болған Қазақстандағы ең ұзын көпір құрылысының басталуына себепкер болғаныңызды білеміз. Тіпті, бірнеше рет депутаттық сауал көтергеніңізден де хабардармыз. Бұл аудан тұрғындарының ең үлкен арманы, аманаты еді. Сол арман болған көпір аяқталуға да жақын. Көпір бітсе, үш бірдей ауданда шешілетін маңызды мәселе не деп ойлайсыз?

– Біз бұл көпір бойынша дабыл қағып, Мәжіліс мінберінде жиі мәселе көтерген едік. Үкіметке жолдаған депутаттық сауалымда да бұл мәселеге ерекше екіпін берген едім. Естеріңізде болса, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бұқтырма су қоймасының үстінен көпір салуға тікелей тапсырма берді. Бұл көпір Ертіс өзенінің арғы жағында орналасқан бес шекаралық ауданда тұратын: Күршім, Катонқарағай, Марқакөл, Зайсан, Тарбағатай халқының өмір бойғы арманы екені белгілі.

Депутаттық сауалда бұл халыққа аса маңызды, қажетті, күрделі құрылыс нысанын Үкімет тарапынан ерекше бақылауға алынбаса, Президенттің тапсырмасы ондаған жылға созылып кететінін айтып, дабыл қаққанбыз. Егер бұл құрылыс бітпесе, шекаралық бес ауданда тұратын халықтың қалмауы да мүмкін екенін еске салған едік. Шекаралық аймақтармен қарым-қатынас жасау оңай емес. Катонқарағай, Марқакөл, Зайсан, Тарбағатай, Күршім елден шет, тысқары жатқан аймақтар. Ол жаққа қатынау да оңай емес. Соңғы жылдары елден жастар үдере көшіп, ауылдарда қариялар ғана қалды. «Катонқарағай қартайып барады» деп БАҚ беттерінде де жиі мақалалар жарық көріп жатады. Сол елдегі ағайынның ажарылық, қуанатын күні алыс емес. Еліміздегі ең ұзын көпірдің құрылысы аяқталуға таяп қалды. Көпірді сән-салтанатымен ашатын күнге тезірек жетейік.

Одан бөлек, бір жыл бұрын қыркүйек айында вице-премьер Роман Склярдың атына депутаттық сауал жолдап, сыртқы сауданың транзиттік әлеуетін дамыту үшін жаңа көлік бағыттарын салу мәселесінің маңызды екенін де айтқан едік. Расында, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтырғы Жолдауында еліміздің географиялық орналасуын өз артықшылығымызға айналдыру керек екені айтылды.

Шығыс Қазақстан облысынан депутат ретінде өзен кеме қатынасын қалпына келтіруді, Қытай Халық Республикасының Кара Ертісінен Ертіс пен Обь бойымен Обь шығанағына дейін және бүкіл Сібір аймағы Солтүстік Мұзды мұхитқа дейінгі ескі су жолын қосу қажет екенін айтқан едім. Бұған біраз уақыт бұрын Ново-Шүлбі ГЭС-інің аяқталмаған шлюз бөлігі кедергі келтірген болатын. Бүгінде шлюз бөлімі пайдалануға беріліп, жұмыс істеп тұр, өзен кемелерінің өтуіне еш кедергі жоқ. Пристандардың, айлақтардың жағалау құрылыстарының инфрақұрылымы сақталған.

Ал Ертіс су айдынында орналасқан өңірлерді дамытуға келетін болсақ, бұл Шығыс Қазақстан, Абай және Павлодар облыстары үшін өте үлкен перспектива болмақ.

Семей қаласындағы теңіз мектебін және Прибрежное кентіндегі кеме жөндеу зауытын қалпына келтіру орындары деп есептейміз. Бұл дегеніміз – жұмыс орындары мен жергілікті мамандар. Қолда бар кемелерді де ретке келтіру керек. Батыс Қазақстан облысының Орал кеме жасау зауытында заманауи өзен кемелерін жасау. Ресейде кемелерге тапсырыс беру және жүк ағынын көбейту.

Су арқылы тасымалданатын жүктердің тізімі шектелмейтін бәрі біледі. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдері, құрылыс материалдары, металлургиялық өнімдер, халық тұтынатын тауарлар және т.б.

– Шекара маңындағы аудандар тұрғындарын алаңдатқан мәселе көп: ауыл қартайып барады, мектептер жабылып жатыр. Миграция үдерісін тоқтату үшін көпірдің айтарлықтай жеңілдігі бола ма?

– Әрине, қазақ «үмітсіз тек шайтан» ғана дейді. «Бұқтырма су қоймасының үстінен көпір салынады» дегенге көп адам сенген жоқ. «Аты шулы Кеңес уақытында тұрғызылмаған көпір енді болмайды-ау» деп күдер үзген еді халық. Сол себепті де жаппай шекаралық аудандардан көшу басталды. Жайнап тұрған ауылдар құлазып, адам сенгісіз күйге түсті. Кезіндегі жер жәннаты Марқакөл өлкесі жетімсіреп, қаңырап бос қалды. Әр сайы мал түлікке толы Алтай бос сабадай қалыпқа түсті. Елдің құлазыған көңілін алғашқы сапарын шығыс елінен бастаған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көтеріп кетті. Сол жолы Мемлекет басшысы «көпір салынады» деп арғы жағада отырған елге үде берген. Сол көпір аяқталуға аз қалды. Бұл көпір – Қазақстандағы ең ұзын, ең күрделі құрылыс. Алғаш бастаған кезде жан-жақтан мамандарды жинап, жобасын зерттеп, қобалжығанмыз рас еді. Тіпті, күмән да болды. Көпірді сала алмай, ел-жұртқа таба боламыз ба деген қауіп басым болғаны рас. Бірақ «көз – қорқақ, қол – батыр» деген – осы. Ұзындығы 1 316 метр, тек қана теңіз үстінде, екі жағадағы жақтауын қосқанда – 1 500 метр. Оған қоса, 20 шақырым жана жолы бар. Міне, осы жұмыстар қазір аяқталу сатысында. Ертістің ар жағында отырған алты аудан тұрғындарының қуанышында шек жоқ. Бүгінгі күні облыс орталығына Тарбағатай, Зайсан, Марқакөл, Күршім тұрғындары Ертістен өту үшін паром арқылы қатынас жасайды. Өте қолайсыз жағдай. Көпір аяқталған соң он бес минутта өте шығады. Иә, игіліктің ерте кеші жоқ, сөзде тұру, ол біздің Президентіміздің елдің алдына қойған мақсаты, талабы. Бұл



Соңғы жылдары елден жастар үдере көшіп, ауылдарда қариялар ғана қалды. «Катонқарағай қартайып барады» деп БАҚ беттерінде де жиі мақалалар жарық көріп жатады. Сол елдегі ағайынның ажарылық, қуанатын күні алыс емес. Еліміздегі ең ұзын көпірдің құрылысы аяқталуға таяп қалды. Көпірді сән-салтанатымен ашатын күнге тезірек жетейік.

көпір – нөпір сөздің емес, істің көрінісі. Технологиялық тұрғыдан алғанда өте күрделі құрылыс болды. 28-32 метр тереңдікте, қатты ағыста, қыста қақпаған аязда жұмыс істеген мамандарға зор алғыс, әрине. Біздің де қолдан келетініне халықтың көзін жеткіздік.

– Бір сауалыңызда шекаралас аймақтардағы тұрғындардың әлеуметтік мәселесін шешу үшін ынталандыру қажет деген едіңіз. Жалақысын көтерсек, ауылға мұғалімдер мен дәрігерлер бара ма? Жалпы, сол сауалыңызға Үкіметтің қайырма жауабы қандай болды?

– Президент Тоқаев Парламентте сөйлеген сөзінде «ұлттық қауіпсіздігімізді нығайту аясында шекаралық

аймақтарды дамытудың нақты шараларын қарастыру тиіс» деп атап өтті.

Біз үнемі Мәжіліс мінберінде шекаралық аудандардың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін жүйелі шешу керек деп жиі мәселе көтеріп жүрміз. Осыған орай, шекаралық аймақтарға халықты тұрақтандыру, ынталандыру есебінде еңбек етіп жүрген азаматтар мен азаматшалардың жалақысына аудандық 1,5 деген қосымша коэффициент қосу маңызды.

Аталған адамдардың еңбек өтілінің 1 жылы 1,5 болып саналуы да қарастыру қажет. Тек осындай шаралардың арқасында ғана ауылдарға жетіспей тұрған – дәрігер, ұстаз, мал дәрігерлері, агроном, орманшы тағы да басқа жас мамандардың сол аймақтарда тұрақтануына стимул жасауға болады. Осы мәселені жедел шешудің тетіктері қажет екенін айтқан едік. Үкімет бұл сауалымызға: «Үкіметтің 2023 жылғы 28 наурыздағы №270 қаулысымен Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-

ретінде Үкіметке ұсыныс жасаған едім. Шекаралық, қияндағы аудандарда тұратын мамандарға аудандық 1,5 деген коэффициент қолданса, ол сондай үлкен сома емес, шекаралық аудандарды есепке алып, қанша халық жұмыс істейтінін санап көрсе, көп адам да шыға қоймайды, ол дегеніміз – дәрігерлер, мұғалімдер, ветеринарлар, агрономдар, осындай кәсіптерге ынталандырып, қосымша жалақы тағайындағанда ауыл адамдарына үлкен ынталандыру болушы еді. Зейнеткерлікке көмек ретінде шалғайдағы мамандарға бір жыл стажын бір жарым жыл ретінде санаса, бұл мамандардың тұрақтануына үлкен көмек болар еді. Жастар үлкен қалаларға сандалмай, өз атамекенінде, шекараның маңайында отырған қалпы отыра беретін еді. Осы мәселені қаншама көтерсем де Үкімет тарапынан екіұшты жауап қана келеді, білмедім, әлде түсінбей ме, әлде түсінгілері келмей ме? Қаншама қаражат судай сініп, керек емес бағдарламаларға шашылып кетіп

келсек, жасырағы жоқ, қазіргі жұмыс істеп жүрген мамандар орта жастан асып кеткен азаматтар... Енді жастар қайта оралса, жабылып қалған ауылдар қайта жаңғырып, елдің бойына қан жүгірер еді.

– Катонқарағай ауданынан елге танымал зиялы азаматтар көп шықты. Шыңғыстайда кезінде Алаштың танымал қайраткері Әбдікәрім болыстың мектебі болғаны белгілі. Қазір ол мектеп мұражайға айналды. Шыңғыстайда баратындар Оралхан Бөкейдің музей-үйін іздейді. Қалихан Ысқақ, Дидахмет Әшімханұлы да Катонқарағай тумасы. Одан бөлек, қаншама зиялымыз бар. Оралхан Бөкей музей-үйін сатып алуға сіздің үлесіңіз тигенін естіп жатырмыз. Катонға туристер жиі баратын болды. Туризмді көтеру үшін тұлғалардың өмірінен сыр

шертетін арнайы QR код жасау керек секілді. Музей, мұражайларға аса қажет дүние. Бұл тұрғыда не істеген абзал?

– «Суға кеткен тал қармайды» дейді, әр елдің өз азаматтары бар. Біздің Катонқарағай ауданында үлкен, саналы, көпті көрген, жазушы ағаларымыздан тәлім алған бір топ сол ауданның тумалары жағдайды байқап, елімізге шамамыз келгенше қол ұшын берейік деп аудандық қор құрып, өз қалталарынан көмек ұйымдастырды. Бұл жерде барлық азаматтың атын атап, түсін түстемей-ақ қояйын, бірақ ішіндегі серкесі Серік Толькбаев деген бауырымыз ауданның үш мектебін зияткерлік мектептермен ұштастырып, ауыл балаларына заманауи білім беруді ұйымдастырды, бүгінде сол оқушылар нәтижесін көрсетуде. Азаматтар көптеген істің басы-қасында жүріп, еліміздің тозып кетпеуіне ықпал жасады. Осы қор көптеген істің алғы шебінде жүр. Президент Жарлығымен аудандар қайта құрылғанда алғашқы ұйымдастыру кезінде үлкен көмек болды, басқа ау-



2027 жылдарға арналған Тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында шекара маңындағы аумақтарды дамыту мақсатында, еңбек тапшылығы бар өңірлердің шекара маңындағы ауылдық округтер тұрғындарының жалақысына үстемалы енгізу бойынша іс-шара көзделген. Сонымен қатар Президент Әкімшілігі Басшысының тапсырмасына сәйкес шекара маңы аумақтарын дамытуға бағытталған нақты шаралар көздей отырып аталған тұжырымдамаға өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Шекаралық аймақтарда еңбек ететін бюджет салаларындағы қызметкерлерінің еңбек өтілінің 1 жылы 1,5 етіп бекіту мәселесі егжей-тегжейлі пысықтауды қажет етеді (Еңбекминінің пайымдауынша, шекаралық аймақтарда еңбек ететін қызметкерлердің тек сол жерде тұрғаны үшін еңбек өтілінің 1 жылы 1,5 етіп бекіту тиімсіз болып табылады). Аталған мәселе тұжырымдаманы қайта қарау барысында қосымша қаралатын болады» деген жауап келіпті.

Депутат ретінде ел аралап, халықпен кездескен кезімізде осындай мәселелер жиі алдымыздан шығады. Бұл жағдайды әу бастан айтып келеміз. Сондықтан «AMANAT» партиясының сайлауды бағдарламасында депутаттық сауал

жатыр. Қазіргі ғаламдағы жағдай бәрімізге белгілі, егер шекарамыз халықсыз қалса, көз алартқан көршілер аз ба, кейде неге соны ойламаймыз? Ашы шындық, өтірік бопсадан әлдеқайда артық дер едім.

– Биылғы 1 қаңтардан бастап Катонқарағай мен Марқакөл ауданы қайта құрылды. «Бір кездері аудан қайта құрылса, ауылға баруға дайынбыз» деген азаматтар болып еді. Ел ауданға қайта үдере көшті ме? Көштің жайы не боп жатыр?

– Алтай тауларының қойнауы кенге толы, қазірдің өзінде көптеген барлау жұмысы жүргізіліп, зерделеніп жатыр. Кенді Алтайда алтын мен күміс, мыс, темір, түрлі түсті металдардың бәрі бар. Бүгінгі күнде өте үлкен сұранысқа ие литий де бар ол жерде, сондықтан бұл өлкенің болашағы өте зор. Қазір Ертіс бойымен кемелермен су тасымалын қайта жаңғырту қолға алынуда, сол салынып жатқан көпірдің биіктігі 20 метрден жоғары су деңгейінен. Осы жағдайлар қолға алынса, көшіп кеткен жұрт елге қуана-қуана келері сөзсіз. Ауылдар қайтадан жанданып, туризм дамып, экономикамыз алға өрлеуіне көміл сенемін. Оған себеп: биылғы жазда алыс жақыннан Катонқарағайға, Марқакөл, Зайсан, Күршім аудандарына келген туристердің саны үш есеге өсті. Осыған орай елдегі мамандар тапшылығына

дандарға үлгі болды. Әрине, Катонқарағай – алыптар мекені, оған себеп: айрықша табиғаты, жерінің қасиеті! Келешекте Марқакөл мен Күршімді, Катонқарағай мен Үлкен Нарынды туризм мекеніне айналдырсақ, жер жәннаты сол жерде болады, оған көміл сенеміз!

– Рахман қайнарының жөні бөлек. Соңғы жылдары бұл шипалы судың жайы маз емес секілді. Шипажай жабық тұрса, тозып, жарамсыз болып қалмай ма?

– Рахман қайнары – иә, бұл біздің жанымызға бататын жайт. Бес жыл болды, А. Балушкин қарызға батып, елден кеткеніне. Сол кезден бері еліміздің ең бір емге дауа, жаңа жайлы шипажайы қараусыз қалды. Жылдан-жылға тозып барады. Халықпен кездесуде көбінің қоятын сұрағы – осы шипажай жайында. Жұырда Рахман қайнарын Президент іс басқармасы басқаруға алады деген жақсы хабар естілді. Онда өте дұрыс болатын еді. Биыл жазда еліміздің өңір-өңірлерінен келген туристер жабық тұрғанына қарамастан Рахман қайнарын көріп қайтты. Өттеген-ай дейсің, осындай қымбат байлығымызды өзіміздің қолдана алмай жатқанымыз жанымызға батады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Айна ХАСАН



ОРТАҚ МАҚСАТ БІРІКТІРЕТІН АЛАҢҒА АЙНАЛДЫ

Елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды саяси реформалар өз бастауын Конституциядан алатыны белгілі. Мемлекет басшысы Ата Заңымыз – мемлекеттігіміздің тұғыры берік болуын қамтамасыз ететін ең басты құжат екенін айтты. Оның әрбір тармағы мүлтіксіз орындалса ғана әділдік пен заң үстемдігі орнығатынына назар аударды. «Конституцияға өзгерістер енгізу жөніндегі жалпыұлттық референдумның нәтижесі халқымыздың бірлігін және елімізді жан-жақты жаңғыртуға бағытталған ауқымды реформалардың барынша қолдау тапқанын көрсетті», – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

«AMANAT» партиясы Мемлекет басшысының қоғамдық тірегі ретінде, еліміздегі барлық жаңару мен жаңғырудың ұйытқысы бола отырып, қоғамдық-саяси үдерістердің бел ортасынан табылуда. Аманаттықтар Конституция нормаларын басшылыққа алып, қазақстандықтардың тұрмысы мен өмір сапасын арттыруға арналған түбегейлі саяси, экономикалық реформаларды табысты іске асыруға кірісті. Демократиялық қағидаларға негізделген Жаңа, Әділетті Қазақстанды құруда ықпалды саяси күшке айналды.

Партиямыз ашық саяси бәсекелестікті алға жылжытумен кепіл ретінде айқындап, Ата Заңға енгізілген өзгерістер бойынша жаңғырған сайлау процесінде жанаша дайындықпен кірісті. Партияның өз ішіндегі қызмет мазмұны жетілдіріліп, қарапайым азаматтардың сұранысы мен мұқтажына негізделген жұмыс сипаты мен тәсілдері белгіленді. Партияның сайлауалды бағдарламасы аймақтардағы, аудан-ауылдардағы қордаланған мәселелердің шешім табуына бағдарланды. Әр өңірде, аудан, қалаларда сайлауалды үделдерді нақтылы іске асырудың тетіктерін белгілеген Жол карталары қабылданып, индикаторлық көрсеткіштері айқындалды.

Жергілікті атқарушы және өкілетті билік органдарында көптеген жаңалық енгізген конституциялық реформалар, партиялық қызметті шын мәніндегі өзгерістер жаршысы болуына мүмкіндік берді. Бүгінде қоғамға жақсы таныс «AMANAT» партиясы халықты ортақ мақсатқа жұмылдыра білген беделді ұйым боп бекіді. Қоғамға пайдалы көптеген бастама көтеріп, сайлаушылардың кен қолдауына ие болған нағыз халықтық партияға айналды.

Конституциялық партияның нормалар бойынша пропорционалды және мажоритарлы аралас сайлау жүйесі енгізіліп, Парламентті қалыптастыру тәртібі мен функциялары қайта жасакталды. Мәслихаттардың рөлін күшейтуде партиялық жүйенің мүмкіндіктері кеңейді. Нәтижесінде, партиямыз адал бәсекелестікті жақтап, тұрғындардың қолдауына ие болуда «Жер аманаты», «Ауыл аманаты», «Қарызсыз қоғам», «Құқықтық көмек», «Бақытты отбасы», «Ардагерлерді ардақтайық», «Келергісіз келешек» тағы да басқа халықтың көптеген сұранысын дөп басатын іргелі бастамаларды көтеріп, өміршеңдігін қамтамасыз етті.

Ата Заңмен айшықталған бәріне бірдей тең мүмкіндіктер қоғамын қалыптастыруда, мемлекеттік өкілді органдарға партиялық тізімде әйелдер мен жастарға, мүгедектері бар азаматтарға өкілдік етуге кепіл-

дік беретін квота қарастырылды. Бұл өз кезегінде, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардағы фракциялардың қызметін жандандыруға ықпал етіп, түрлі әлеуметтік топқа жататын тұрғындардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғалуына жағдай жасады. Осылайша, өкілді органдардағы партияның депутаттық фракция алаңдары күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді тиянақты талдап-таразылайтын, байыппен қарап, шешім қабылдайтын сындарлы диалог мінберлеріне айналды.

Конституцияға енгізілген өзгерістердің басты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру, мемлекеттілігімізді мейлінше нығайту және қоғамды үйлесімді дамыту екені белгілі. Жаңа Қазақстанның саяси жүйесін жаңартуда азаматтардың ел басқару және шешім қабылдау процесіне қатысуына жол ашылды. Ауыл және аудан әкімін тікелей сайлау, облыс әкімін баламалы негізде тағайындау бойынша жаңа саяси модель қалыптасты. Мұның бәрі азаматтың мемлекеттік негізі институттарды қалыптастыруға тікелей, ашық және инклюзивті қатысуын қамтамасыз етуде.

Парламент Мәжілісінің Спикері, партия Төрағасы Ерлан Жақанұлы Қошанов ауыл әкімдерінің сайлауы, ең алдымен, ауыл тұрғындарының мүддесін қорғауға бағытталғанын ерекше айтқан болатын. Экономикасы ауыл шаруашылығына бейімделген, тұрғындарының 80 пайыздан астамы ауылдарда тұратын Түркістан облысы үшін ауыл әкімдерінің сайлауы – шын мәнінде, ашық саяси бәсекелестікті білдіретін, қоғамның саяси белсенділігін арттыратын, ауыл-аймақтардағы қордаланған мәселелердің шешу жолдарын ұсынып, жергілікті сайлаушыларға таңдау еркіндігін беретін, стратегиялық мәні айрықша қадам болды.

Облыстың барлық аудан, қалаларында филиалдары бар партиямыз атқарушы билік жауапкершілігінің жоғары болуын қамтуда және партияның басымдықтарын іске асыруда, ауыл әкімдерінің сайлауына өз кандидаттарын ұсынып, халықтың қолдауына ие болған бүгінгі ең ықпалды саяси күш болып отыр. Биылғы жылдың өзінде облыс көлемінде 32 ауылдық округтің әкімдерінің сайлауы өтті. Тұрғындардың басым дауысына ие болған өкілдердің 30-ы – «AMANAT» партиясының өкілдері болды.

Осы саяси нақандарда, партия өкілдерінің жеңіске жету көрсеткіші 93,8 пайызға жетті. Яғни, сайлаушылар, партия айқындаған ауыл тұрғындарының табысын арттыру, инфрақұрылымды жақсарту, биз-

несті қолдау, инвестиция тарту міндеттерін қолдайды. Әлеуметтік саланы жаңғырту, мектеп, медициналық ұйымдар салу, спорт мекемелерінің желісін ұлғайту, ауыссу, табиғи газ тарту, электр қуатының сапасын арттыру жоспарларының орындалуын жақтайтын билдірді.

Партияның Түркістан облыстық филиалы сайланбалы лауазымдарға ие болған партия өкілдерінің өнімді жұмыс атқаруына қолдау көрсетуде және практикалық ұсынымдар әзірлеп, қабылдауда барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының форумын, ауыл әкімдерінің форумын ұйымдастырып, өткізді. Жоғары деңгейде, тиімділік тұрғысынан пайдалы болған бұл жүзделерде партияның депутаттар және өкілдер корпусымен ынтымақтаса атқаратын жұмыс бағыттары қарастырылып, қоғамның тамырын тап басатын, азаматтардың мұқтажын тындап-түсінуге жетелейтін, соған сәйкес, дер кезінде нәтижелі шаралар қабылдауға және дұрыс шешім шығаруға қабілетті мүмкіндіктер талқыланды. Қоғамға пайдалы бастамалар көтеріліп, олар нақтылы іске асырыла бастады.

Бұл өзгерістің барлығы Конституциялық реформалармен келген табыстар. Жаңа саяси-құқықтық негіз боп бекіген Ата Заңымыз «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатының өзегіне айналып, халық пен биліктің ұйысқан түрдегі ұстанымын айқындады.

«AMANAT» партиясының Түркістан облыстық филиалы барша жерлесімізді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтай отырып, еңбеккерлік дәстүріне адал Түркістан облысының жұртшылығы мемлекеттілігімізді одан әрі нығайту ісіне аянып қалмайды деген сенімін білдіреді. Партиямыздың облыстағы жақтастары Ата Занда белгіленген демократия құндылықтарын ілгерілетуді жүйелі түрде жалғастырып, азаматтардың құқықтарының сақталуына аянып қалмай еңбек етеді деп білемін. Өңір тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруда, ымырашыл жұртшымызды ортақ мақсат аясына біріктіріп, қоғамды үйлесімді дамытуда аманаттық өкілдері алдыңғы қатарда сап түзейді деген сенімдемін.

Алтынсары ҰМБЕТӘЛИЕВ,
«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы,
Түркістан облыстық мәслихатындағы партиялық фракцияның жетекшісі

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ НЕГІЗІ

Конституция – елтәуелсіздігінің, мемлекеттігіміздің негізгі тірегі. Оны мемлекеттің саяси-құқықтық төлқұжаты деп бекер атамайды. Себебі Конституция ең алдымен мемлекеттің қандай жолмен дамитынын, басты құндылықтарын өлшеп-пішіп, айқындайды.



Ата Заңның 1-бабының 1-тармағында Қазақстан өзін ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады делінген.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әділетті Қазақстан – заң мен тәртіп үстемдік құратын ел» деді. Жаңа қоғам қалыптастыруда бұл қағида біздің ұранымызға айналуға тиіс. Барлық азаматтың заң алдындағы теңдігінің конституциялық қағидаты сақталмаған жерде әділетті мемлекет құру мүмкін емес. Құқықтың үстемдігі – кез келген демократияның ажырамас бөлігі. Қоғам және құқықтың үстемдігі ұғымының өзі барлық шенеуніктен кез келген адамға өзінің қадір-қасиетін құрметтеп, теңдік қағидатын сақтай отырып, ұтымды және құқыққа негізделген қарым-қатынас жасауды талап етеді. Мемлекет басшысы «Адал адам – Адал азамат – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтар ретінде: «Тағы бір маңызды құндылық, бұл – заң және тәртіп. Заң алдында бәрі бірдей. Бұл – баршаға ортақ мызғымас қағида. Мемлекет жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке және бейберекеттікке ешқашан жол бермейді. Мұны әрбір азамат жете түсінуі тиіс. Барша азамат барлық жерде, соның ішінде әлеуметтік желіде де заңды мүлтіксіз сақтауы керек. Заңға қайшы келетін, қоғамға ірікті салатын және арандатушылық пиғылдағы кез келген әрекетке қатаң тыйым салынады. Ел ішіндегі тәртіпке әрқайсымыз жауаптымыз», – деп атап көрсеткен еді. Бұл дегеніміз мемлекетіміздегі тыныштықты және азаматтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беруін өте орынды айтылған талап деуге болады. Шынында, заң мен тәртіп – мемлекет пен қоғам өміріндегі әділеттіліктің белгісі.

Даңқты қолбасшы Б.Момышұлының: «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген сөзіндей, барлық ортада әрбір азамат өзін әдепті, мәдениетті һәм тәртіпті ұстаса, мемлекетте тыныштық орнап, істеген істе береке болып, адамдар арасында татулық орнайды. Ол үшін алдымен азаматтарымыздың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін жаңа сапалық деңгейде көтеріміз керек.

Қазіргі қалыптасып отырған жағдайда көшедегі келенсіздіктер мен ұсақ құқықбұзушылықтан бастап кез келген қылмыстық құқықбұзушылықтың қай түріне болмасын бүкіл қоғам болып ымырасыз күрес жүргізуді Президентіміз дер кезінде көтерді.

Заң мен тәртіп консолидациялық жобасы бойынша құқықбұзушылықтың кез келген түріне мүлде төзбейтін әрі оны қатаң айыптайтын жағдайды мемлекетте қалыптастыра білуіміз керек.

Ал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында құқық қорғау органдары әрдайым қоғамның жігі назарында екенін айта келе, бұл саланы реформалауды тапсырған болатын. Жолдауда айтылған отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі қоғамда кен талқыланып, биыл 15 маусымда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заң қолданысқа енгізілді. Құжатқа сәйкес, бұрын әкімшілік іс саналатын отбасындағы ұрып-соғу жағдайлары енді Қылмыстық кодекспен қаралады. Ал іс қозғау үшін жәбірленушінің арызы қажет емес. Полиция қызметкерлері фото-видео айғақтар мен көрші, туыстарының сөзіне сүйеніп, тергеу жүргізе

алады. Әрі тараптарға екінші рет татуласуға мүмкіндік берілмейді. Осылайша, денсаулыққа жеңіл зардап келтіргендер бұрын 55 мың теңге айыппұл төлеп немесе 15 тәулікке қамалса, енді 738 мың теңге айыппұл төлейді немесе 50 тәулікке қамалады. Жеңіл дене жарақатын алған жағдай үшін де жаза қатандатылды. Зорлық-зомбылық көрген адам сөйлеу, көру, есту қабілетінен айырылса немесе еңбекке жарамсыз деп танылса, онда бұл іс денсаулыққа ауыр зиян келтірді бабына жатады. Мұндай жағдайда агрессор 3 жылдан 8 жылға дейін сотталады. Бас бостандығын шектеу жазасы қарастырылмайды. Ал жәбірленушіге жеңіл, орташа не ауыр зиян келгенін сот-медициналық сараптама анықтайды. Бұдан бөлек, заң жобасында жанжал шығарған адамды тәртіпке салу тетіктері қамтылған. Ол бір айға отбасынан оқшауланады, жағдай ушықса 3 айдан 1 жылға дейін әйелі мен бала-шағасын көруге тыйым салынады.

Соңғы жылдары қоғамға қатер төндірген қылмыстардың бірі – синтетикалық есірткінің жолына тосқауыл қою мәселесі басты назарға алынды. Синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күресті жалпыұлттық деңгейде жүргізу мақсатында Үкімет Қаулысымен ҚР-ның нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітіліп, Қабылданған Жоспар аталған бағыттар бойынша шаралар кешенін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, 2025 жылға қарай есірткі тұтынушылардың санын азайту, есірткіге тәуелділіктен ұзақ мерзімді ремиссиясы бар көмелекке толмағандар санын 15%-дан 20%-ға дейін арттыру, сондай-ақ есірткі тұтынушыларды 26%-дан 30%-ға дейін медициналық-әлеуметтік оналтумен қамту жоспарланған.

Шымкент қалалық Полиция департаментінде жыл басынан бері есірткіге қатысты 313 құқықбұзушылық анықталса, оның 75-і қылмыстық іске сараланған. Ал 238-і – қылмыстық теріс қылмыстар. Қала аумағынан есірткі өндіретін 1 фитозертхана мен синтетикалық есірткі дайындайтын 1 зертхана анықталды. Синтетикалық есірткіні сату және таратумен айналысқандарға қатысты 31 қылмыстық іс қозғалған. Барлығынан 80 келі 531 грамм есірткі өнімі тәркіленген.

Тәртіп сақшылары интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттермен күресті күшейтіп, азаматтардың құқықтық және қаржылық сауатын арттыруда көптеген шараны қолға алды.

Халқымыз – мемлекеттің ең басты байлығы болса, Конституциямыз – халқымыздың ең басты байлығы. Полиция қызметкерлері тұрғындардың құқық қорғауда Конституцияны негізге алып, заңның үстемдігін сақтауды көздейді. Заңның алдында барлығы бірдей, ешкім заңнан жоғары бола алмайды.

Сол үшін Ата Заңымыздың қадірін біліп, еліміздің әр азаматын Ата Занды жетік менгеріп, бабалар аманатына адал болғанындай, Ата Заңға да адал болуға, заң талаптарын сақтап, әділетті қоғам орнатуға үлес қосуға шақырамын.

Думан ТАЕВ,
Шымкент қаласы
Полиция департаментінің басшысы,
полиция генерал-майоры

KUNDELİK TURALY KYDİK KÖP BİLİM SALASYINDAĞY CİFRLY JŪYE QANDAŪ?

(Басы 1-бетте)

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

— Kundelik жүйесінің түп-тамыры ресейлік Дневник.ru платформасының кіндігіне байланған. Яғни, Қазақстандағы 3 миллионға жуық оқушының, олардың ата-анасының барлық ақпараттық-цифрлық дерегі — Ресейдегі тиісті органдардың қолында отыр деген сөз. Цифрлық ақпараттар 6 жылдан бері Ресейге кетіп жатқанына неге жайбарақат қарап отырмыз? Kundelik-ке тіркелген ата-аналар мен жеткіншек ұрпақтың барлық дерегі мен дәйегін Ресейдің «ФСБ» органы алақандайдай көріп отырғаны — біздің ұлттық қауіпсіздігімізге төнген қатер емес пе?» — деп атап өткен еді ол.

Цифрлы әлемде ақпараттық қауіпсіздік пен жеке адамның деректерін қорғай білу мемлекеттің де қауіпсіздігін қорғай білу екені даусыз. Ал электронды Kundelik-тің озықтығы қандай, олқылығы не деген сұраққа әзірге ешкім де толымды жауап берген жоқ. Электронды жүйенің мақсат-міндеті — мұғалімдерді қағазбастылықтан құтқару деген қарабайырлау қағида ғана. Бытыр жоба жетекшісі Мұхтар Лиясов онлайн брифингте: «Қазір kundelik жобасында 6 200-дей мектеп жұмыс істеп жатыр. Нақтырақ айтқанда, 332 601 мұғалім мен 2 238 563 оқушыға, 2 016 990 ата-анаға қызмет көрсетіп жатырмыз» деп мәлімдеген болатын. Дегенмен ата-аналар мен мұғалімдер тарапынан kundelik-тің техникалық мүмкіндіктеріне қатысты шу толастаған емес. Электронды күнделіктің халықтық өмірге салған басты машақаты негізінен интернет желісінің ақаусыз жұмыс істеуіне байланысты екені белгілі. Яғни, кейбір алыс ауыл-аймақтар сапалы интернет желісіне толық қосылмаған.

ЦИФРЛЫ БІЛІМГЕ ОРТАК МЕМЛЕКЕТТІК БІРЫҢҒАЙ ЖŪYE KEREK

Жақында БАҚ бетінде «Қостанай облысының мектептері kundelik-тен бас тартты» деген ақпарат таралды. Облыстық Білім басқармасының мәлімдемесінен түсінгенім, жергілікті ведомство Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «барлық оқушының сапалы оқыту контенті бар озық цифрлық платформаларға қолжетімділігін қамтамасыз ету» тапсырмасын BilimClass электронды журнал және күнделік модуліне көшу арқылы жүзеге асыруды мақсат етіп отыр. Облыстық Білім басқармасы мен Bilim Land ЖШС ынтымақтастық меморандум аясында BilimClass модуліне барлық білім беру ұйымының, мұғалімдер, оқушылардың және олардың ата-аналарының деректерін автоматты түрде жүктегеннен кейін құжаттар қоймада тегін сақталады. 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап барлық



жалпы білім беру ұйымдарын қамтығаннан кейін отандық цифрлы портал арқылы оқушылар біліктілікті арттыру курстарынан өту кезінде мониторингі мен сертификаттауы бар PISA, TIMSS, PIRLS, MODO халықаралық зерттеулеріне қосыла отырып, дайындық барысында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға және бағалауға қол жеткізетін болады деп жоспарланған.

Дегенмен біз Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметіне хабарласып, «Қостанай облысы Білім басқармасының kundelik жүйесінен BilimClass-ке ауысып жатқанын Оқу-ағарту министрлігі қолдай ма, әрбір жергілікті орган білім саласындағы цифрлы жүйені өзі тандауға құқығы бар ма?» деп сұраған едік. Құзырлы органның баспасөз қызметінің бізге берген жауабында ««Білім туралы» заңның 6-бабының 2-тармағы 10-1) тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қолдау көрсетеді. Осыған байланысты мектептер үшін бағдарламалық шешімдерді, ақпараттық жүйелерді таңдау жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жатады. Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдар «Күнделік» АЖ және басқа да нарықта бар балама шешімдерді тандауға құқылы» деп жазылытты.

Қазір елімізде электронды білім беру нарығы қарқынды дамып, бәсекеге қабілеттілігі артып отыр. Бұл мектептердің таңдау мүмкіндігіне жол ашатыны сөзсіз. Көз келген білім беру ұйымына қай жүйемен жұмыс істеп, қандай платформаға қосылатынын өздері таңдай алуының да белгілі бір артықшылықтары бар шығар.

Бірақ цифрлы білімге ортақ мемлекеттік бірінғай жүйе керек екені даусыз.

Республикалық «ҚазБілім» орталығының директоры Аятжан Ахметжанұлының айтуынша, Bilim онлайн, BilimClass, mektep.edu, BilimAl сияқты нарықта жүрген kundelik.kz-ке балама болатын өтпүрлі платформа бар. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін. Десек те, мемлекеттік деңгейде цифрлы білім бірінғай жүйеге жинақталуы керек.

— Негізгі айтатын мәселе, білім саласындағы цифрландыру еліміз бойынша біртұтас болса, қолдануға жеңіл және ынғайлы еді. Қазір 20 өңір 4-5 түрлі платформаға көшіп кетті. Бұл белгілі деңгейде қолдануға ынғайсыз. Бір қаладан бір қалаға көшетін бала, бір өңірден бір өңірге ауысатын мұғалім жаңа бір дүниені қабылдауға тура келеді. Содан кейін базалардан мәліметтерді алу қиына түсіп жатыр. Былай қарасаңыз, платформалар бір-бірінен артықшылығы жоқ дүниелер. Мәселен, кейбір функтар бір платформадан көлденеңінен, біреуінде тігінен тұруы мүмкін деген сияқты сәлпәл айырмашылық бар. Жұмыс істейтін функциясы бір. Сондықтан мемлекеттік деңгейде ала-құла ету тиімсіздікке ұрындырады, — деді ұстаз.

BIIMCLASS-TYH ARTYKSHYLIGY NE?

Жұмыс істеу функциясында айырмашылық болмаса да әрбір жергілікті орган өзіне қолайлы платформаны өзі таңдай алатынын түсіндім. Алайда неге мемлекеттік деңгейде бірінғай платформаға көшуге болмайды деген сұрағымыз басы ашық күйінде қалды. Ал BilimClass kundelik жүйесін қаншалықты алмастыра алады, оның кемшіліктерін қайталамауға қауқарлы ма? Артықшылығы қандай?» деген сұрағымызды BilimLand ЖШС-на жолдаған едік.

— BilimClass жүйесіне қосылу мұғалімдерге қолайсыздық тудырмай, ынғайлы әрі тиімді болуын қадағалаймыз. Мектеп өкімшілігі мен мұғалімдерге жаңа платформаны қолдану нұсқаулығы жан-жақты түсіндіріліп, оқыту және анықтамалық материалдар қосымша дайындалды. Қолдау қызметі де іске қосылды. Мұғалімдер тарапынан жиі айтылатын ұсыныстарды ескеріп, жалпы IT-индустриясының талабына сай, BilimClass-тың тиімділігін арттыруға тырыстық. Бұл электронды журналын қолданудың бірнеше тиімді тұсы бар. Біріншіден, толықтай тегін, сайт интерфейсі мен функциялары ынғайлы әрі өте түсінікті. Бұл өз кезегінде, мұғалімдерге күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау, үй тапсырмалары мен бағалау жүйесін толтыруды жеңілдететі түседі. Екіншіден, платформадан ата-аналар мен сынып жетекшілеріне барлық қажетті ақпаратты, атап айтқанда, оқудың кез келген кезеңіндегі деректерді, үлгерім, оқушының пәндер бойынша жетістіктері мен үй тапсырмаларын бақылау мүмкіндігін береді. Үшіншіден, BilimClass аналитикалық құралдардың кен ауқымын және түрлі білім беру платформасымен интеграция ұсынады. Педагогтер қауымының уақытын, қаржысын үнемдеп, олардың жұмысын мейлінше жеңілдетуді көздейді, — деді BilimClass жобасының жетекшісі Нәзір Азаматұлы. Оның айтуынша, BilimClass педагогтердің жұмысын жеңілдетеді. Жалпы, «Мұғалімдердің жұмысын жеңілдетеді деген шарттың (критерийдің) өлшемі қандай? Бұл да мұғалімдерді қағазбастылықтан арылтыды деген мақсатта жұмыс істей ме?» деп сұрадық Нәзір Азаматұлынан.

— Платформа мұғалімдерге цифрлық оқыту кешендерін еркін қолданып, интерактивті сабақтар мен тапсырмалар құрастыру, оларды өзгерту және өзге-

лермен бөлісуді қамтамасыз етеді. Бұл платформада жарнамалық контент жоқ. Ата-аналар мен оқушыларға арналған тегін мобильді қолданбасы бар. Платформа үздіксіз әрі тұрақты жұмыс істейді. Сондай-ақ мұғалімдерге біліктілікті арттыру курстарын тегін өту мүмкіндігін ұсынады. Ерекше атап кететін мәселе, kundelik жүйесімен салыстыратын болсақ, BilimClass өнімді Қазақстанда жасалған, отандық таым, — деді ол.

ЦИФРЛЫ ӨРКЕНИЕТ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӨРЕ ӨЛШЕМІ БОЛМАК

Қостанай облысы Білім басқармасының kundelik-тен BilimClass-қа ауысуын мұғалімдер қалай қабылдап жатқанын білу үшін жергілікті білім ұйымдарының мамандарына да хабарластық. «BilimClass-қа отандық өнім болғаны үшін ғана ауысып жатқан болар, әйтпесе kundelik жүйесі қазір мүлтіксіз жұмыс істеп тұр» деген ойын айтқан ұстаз атын атағысы келмеді.

— kundelik жүйесіне үйреніп қалдық. Бірақ ол ресейлік платформа болатын. Дегенмен BilimClass-қа ауысқаннан не өзгеретінін білмедім. Электронды журналмен жұмыс істеу басында біртүрлі болғаны рас. Интернетке кіруде қиыншылықтар болды. kundelik-ті ата-ана да, басшылық та кез келген уақытта ашып қарап, қадағалап отыра алады. Қағаз журналды ешкім де іздеп келіп қарамайды. Сондықтан электронды жүйенің тиімділігі, артықшылығы көп. Білім басқармасы BilimClass-қа отандық өнім болғаны үшін көшіп жатқан болар. Басында kundelik-пен жұмыс істеуге қолданылатын сайт ашыла қоймайтын, техникалық ақау салдарынан уақытында толтыра алмайтынбыз. Қазір kundelik жүйесі жетілді. BilimClass-тың сапасы қалай болар екен? — деді қостанайлық мұғалім.

Көріп отырғанымыздай, бүгінде білім нарығын цифрландыру бағытында бәсекеге төтеп бере алатын түрлі платформа қалыптасып үлгерді. Отандық IT саласында білікті жастар легі өсіп келеді. Елде цифрландыру қарқынды жүріп жатыр. Төңіректі торлаған төртінші өнеркәсіптік төңкеріс төлеуіне төтеп беру үшін цифрлы әлеует сапалы болуы керекті де түсінікті... Ал ол үшін мыңдаған шақырымға оптикалық-талшықты кабельдер жүргізіп, кеңжақты интернетке қосылуы айтпағанда, цифрлы өркениеттің интеллектуалды өреміздің өсуі, білім-ғылымға байланған экономика құру, электронды технологиялардың заманауи қуатын толық меңгеру білу үлкен сынақ болғалы тұр. Сондықтан заман талабына жауап бере алатын білім нәріне қанып, ғылым жолында құбырсыз сап ететін нағыз ғалымдар тәрбиелеу, ұлттық ғылымның абыройын көтерер нағыз Қаныштарды өсіру — ендігі міндет десек болады.

ҒЫЛЫМ КӨШБАСШЫЛАРЫНА — ҒАЖАП МҮМКІНДІК

«Ғылым ордасы» ғимаратында Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының жаңадан сайланған академиктерін ғылыми қоғамдастыққа ресми таныстыруға арналған салтанатты жиын өтті. Ғылымды дамытуға бағытталған жиынға еліміздің 40-тан аса жоғары оқу орны мен 40-қа жуық ғылыми зерттеу институтының бірінші басшылары мен өкілдері, сондай-ақ 50-ден астам жас ғалым қатысты.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Алқалы жиынды ашып берген ҰҒА президенті Ақылбек Күрішбаев Ұлттық ғылым академиясының нақты мүшелерінің сандық құрамы көп болмайтынын атап өтті. Ол әділ сайлау негізінде еліміздің ең лайықты, даңқты ғалымдары ғана академик болуы қажет екенін, сонымен қатар академиктер қатарын жасанды «өсіруге» болмайтын негізге алды.

— Мемлекеттік академияның ерекшелігі ол академик атағы «мансап тәжін» білдіретін немесе зейнетке шығудың жайлы орны ретінде қарастырылып келген ерекше мәртебелі ұйым болмайды. Біз оның құрамына қоғам қайраткерлерін, саясаткерлерді, мемлекеттік қызметкерлерді немесе табысты кәсіпкерлерді алмаймыз. Біздің міндетіміз — ғылымның белсенді көшбасшыларын, нағыз ғалымдарды, оның ішінде дарынды жастарды біріктіру, олардың елімізге елеулі пайда әкелуіне мүмкіндік жасау. Дамыған озық елдердің өзінде ғылыми потенциалы жоғары болуына қарамастан, ұлттық академиялардың толық мүшелерінің саны шектеулі. Егер біз әлемде академиктер саны бойынша алғашқы сатыға жайғассақ та, бұдан ғылыммыз өркендеп кетпейді, — деді ол.

Ақылбек Күрішбаевтың айтуынша, академияның жаңа мүшелерін сайлау кезінде елдің ғылыми ұйымдары мен жоғары оқу орнында ұсынған үміткерлер арасынан үш кезеңдік сайлау өткізілген. Сараптама нәтижелері бойынша ең көп ұпай жинаған, бағдарламаны қорғау нәтижелері бойынша ең жоғары бағалау көрсеткішіне ие болған, сондай-ақ академиктердің жалпы жиналысына қатысушылардың жасырын дауыс беруі арқылы кемінде үштен екісі дауыс берген үміткерлер академик



болып сайланған. Жаңадан сайланған академиктер қатарында Ақылбек Күрішбаев, Аскар Жұмаділдаев, Серік Ақшолақов, Вячеслав Локшин, Тілекқабыл Рамазанов, Ерлан Тұрыспеков, Максим Здоронец, Сұраған Дөрбетхан, Дархан Біләлов сынды ғылым саласына сүбелі үлес қосып жүрген ғалымдар бар. Жиында оларға дипломдар мен арнайы төсбелгілер табысталды.

Ұлттық ғылым академиясының академиктеріне тағылған төсбелгі ғылым мен білімнің тұтастығын бейнелейтін, сондай-ақ Қазақстан қоғамы мен экономикасын дамытуға жоғары интеллектуалдық үлес қосауға шақыратын, көрнекті ғалымдардың академияға бірігуін айықтайтын шеңбер түрінде ұсынылған. Медальонның ортасында Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, көрнекті ғалым, академик Қаныш Сәтбаевтың ғылыми мұрасының сабақтастығын айқындайтын барельефі бейнеленген. Ұлттық ғылым академиясының академиктің төсбелгісі күміс және алтын жалатылған металл негізінде әзірленген. Төсбелгі «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығында» мөрленген және әрбір төсбелгінің бірегей нөмірі бар.

ҰҒА академигі, жас ғалым, PhD доктор, Назарбаев университетінің профессоры Сұраған Дөрбетхан мұндай

жиынның маңызына тоқтала отырып, қазір ғылым саласын ілгерілету мақсатында мемлекет тарапынан ғалымдарға барынша қолдау көрсетіліп отырғанын жеткізді.

— Елімізде әлемдік деңгейде танылып жүрген жас ғалым көп. Бұл жиын оларға «Қазақстанда да ғалымдарға мәртебе бар екен ғой» деген ой тудырады деп ойлаймын. Қазір мемлекеттен ғылыми жобаларға үлкен қаржы бөлініп отыр. Сіз ғылымға қызығасыз ба? Өзіндік идеяңыз бар ма? Онда жобаныз туралы жазыңыз. Ешқандай мәселе жоқ. Жобаныңды тапсырасыз, Үкіметтен ақшаны қаржы аласыз. Қазір біздің еліміз үшін нағыз ғылыммен айналысатын кезең. Егер сіз ғылым жолына жаңадан аяқ басып жатсаңыз, бұл бағытта мүмкіндік көп дер едім, — деді ол.

Ұлттық ғылым академиясына жаңадан сайланған академиктердің ғылыми жобалары алдағы бес жылда жүзеге асырылады. Олардың ғылым жолында нәтижелі қызмет атқарып, осы бағытта мол жетістіктерге қол жеткізуі үшін мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіледі. Академиктер ғылыми жобалары мен тың еңбектерін ұсынып қана қоймай, қоғамдық ұйымдарға жетекшілік етуге де құқылы.

Алматы қаласы

Құрметті әлеуетті жеткізушілер!

Осы арқылы «Азиялық Газқұбыры» ЖШС сатып алу рәсімдерін жүргізуді электронды форматқа көшіру туралы хабарлайды.

Осыған байланысты «Азиялық Газқұбыры» ЖШС-ның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережесі және отандық тауар өндірушілерін қолдау жөніндегі шаралар» тақырыбына арналған Дөңгелек үстелге қатысуыңызды сұраймыз.

Іс-шара 02.09.2024 жылы, сағат 12:00-де, Алматы қ., Абай даңғ., 109 В, «Глобус» БО, 9-қабат, акт залы мекенжайында өткізіледі.

Сұрақтар пайда болған жағдайда мына телефондар арқылы хабарласуға болады: +7 (727) 393-01-76 және +7 (701) 228-65-57.

Құрметпен «Азиялық Газқұбыры» ЖШС.

Уважаемые потенциальные поставщики!

ТОО «Азиатский Газопровод» настоящим сообщает о переходе на электронный формат проведение закупочных процедур.

В связи с чем просим принять участие в Круглом столе на тему «Правила закупок товаров, работ и услуг ТОО «Азиатский Газопровод» и мерах по поддержке отечественных товаропроизводителей».

Мероприятие состоится 02.09.2024 года в 12:00, по адресу г. Алматы, пр. Абая 109В, БЦ Глобус, 9 этаж, актовый зал.

При возникновении вопросов можно обратиться по телефону: +7 (727) 393-01-76 и +7 (701) 228-65-57.

С уважением ТОО «Азиатский Газопровод».

КӨШПЕНДІЛЕР РУХЫ: ШЕКСІЗ КӨКЖИЕКТЕР



Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында қазақ даласының, көшпелі халықтың тұрмыс-тіршілігін суреттейтін «Көшпенділер рухы: шексіз көкжиектер» атты фотосуреттер мен арт-жұмыстардың көрмесі өтіп жатыр. Көрмеде көшпенділер әлемімен қайта қауышқандай әсерге бөлейтін керемет пейзаждар мен портреттер, сондай-ақ әлемнің түкпір-түкпірінен таңғаларлық фотосуреттер ұсынылған.

СЫМБАТ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«Көшпенділер рухы: шексіз көкжиектер» көрмесі көшпенділер мәдениетінің әлеміне терен үнілуге мүмкіндік береді. Мұндай мүмкіндіктер шоғырын жасағандардың қатарында отандық танымал фотографтар мен колонер шеберлерінің жұмысы бар. Айта кету керек, көрмені Creative & Innovation Institute Орталық Азияның тұрақты даму қоғамдық қоры ұйымдастырды. Қоғамдық қордың басшысы Ирина Харитонованың айтуынша, көрмеге барлығы 22 туынды ұсынылған және олар көшпенділер мәдениетінің тереңдігі мен әртүрлілігін жеткізіп, тамашалаған адамның бәрине шабыт беруді жалғастырып келеді. Ұйымдастырушыдан дәл осы суреттерді таңдап алуының мәнін сұрағанымызда, қойылған фотосуреттер көшпелі халықтардың рухын бейнелейді деп жауап берді.

Біз бұл суреттерді көшпелілердің өміріне, табиғатпен өзара үндесуіне байланысты таңдап алдық. Фотосуреттер тамашалаған адамға ерекше әсер беруі үшін орналасқан жерінің де маңызын ескеріп, оны Абу Даби плазаның ішіне орнатуды жөн деп таптық. Мұнда Қазақстандағы танымал фотографтар Анзор Гасаев пен Александр Кузнецовтің жұмыстары қойылды. Одан бөлек, ұлыбританиялық шебер Коннор МакНиллдің туындылары мен венгриялық режиссер Карачонь Шандордың деректі фотосуреттері келушілердің көңілінен шығады деп айта аламын. Өйткені мұнда айта кету керек, олардың шығармашылық жұмыстары бұған дейін еш жерде қойылмаған, яғни осы көрмеде алғаш рет келушілердің назарына ұсынылып отыр. Көрменің ашылуына Ұлыбритания елшісі қатысты, біз Коннордың өзін келіп, қазақ даласы мен тұмса табиғатымен танысады деп жоспарлаған едік, — деді ол.

Көшпенділер ойыны қарсаңында ұйымдастырылған көрме бірнеше тақырыптық бөлімнен тұрады. Келушілер әр бөлімнен көшпенділер мәдениетін, күнделікті тұрмыстағы аспектілерді және олардың табиғатпен үйлесімін ұғады. Мәселен, «Көшпенділер әлеміне кіріспе» деп аталатын көрменің алғашқы бөлімінде тек Қазақстан көшпенділер табиғаты мен тұрмысынан дерек беретін авторлардың түсірген фотосуреттері қойылған.



Ал көрменің екінші бөлімі — «Көшпенділер рухы». Мұнда қазақ халқының ғана емес, барлық көшпелілердің дәстүрі, рәсімі мен көзтартарлық пейзаждар орналасқан. Олардың қатарына шетелдік Коннор МакНилл мен Карачонь Шандордың шығармашылық жұмысындағы деректі фотосуреттер қойылған. «Көшпенділер және табиғат» бөлімінде көшпенді халықтардың табиғат аясындағы суреттер тамашалаушының көзіне бірден шалынады. Өйткені табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік осы фотосуреттер арқылы түсіндіріледі.

«Көшпенділер рухы: шексіз көкжиектердің» мазмұнын толықтыра түскен — колонер бұйымдары. Яғни, көрме қонақтары қазақтың киіз үйінің инно-



вациялық эко-жобасын, дәстүрлі және заманауи технологияларды қатар қолдану арқылы киіз бен жүннен жасалған бірегей бұйымдарды тамашалай алады. Ирина Харитонованың айтуынша, фотосуреттерден бөлек екі дизайнердің, Камила Сүлейменова мен Алтынай Тәңірбергенин аса шеберлікпен жасаған бұйымдары бағзы заманның көрінісін суреттейді.

— Көрмеге екі нағыз шебер қыздың жұмыстарын да орнаттық. Камила Сүлейменова — Қазақстанда ғана емес, шетелде де өз брендин қалыптастырып үлгерген дизайнер. Лондонда, Шанхайда өзінің көрмесін қойған. Ал «Көшпенділер рухы: шексіз көкжиектер» көрмесіне сақ дәуіріндегі ақ жаулықты әйелдің киімін ұсынды. Алтынай Тәңірбергенова қазір заманауи технологияларды пайдалана отырып киіз үйлердің инновациялық эко-жобасын жасаумен айналысады. Көрмеге дәл осындай жұмысын таңдап алдық. Бір жағынан Алтынай жасаған киіз үйлер этнотуризмнің дамуына үлес қосады деп айта аламын. Жұбайы екеуі осындай жұмыстармен айналысатын отбасылық жұптардың бірі. Білесіздер, Дүниежүзілік көшпенділер ойыны қарсаңында Астанадан 20 шақырым жерде этноауыл құрылып жатыр. Сол жерге отбасылық жұп жасаған қазақтың киіз үйі де орнатылды, — дейді И.Харитоновна.

Creative & Innovation Institute Орталық Азияның тұрақты даму қоғамдық қорының басшысы «Көшпенділер рухы: шексіз көкжиектер» көрмесінен көшпенділердің өткені мен бүгінгі, дәстүрін айқын көру мүмкін емес екенін айтты. Өйткені қазақ халқының мәдениеті ертеректе басталғанын, ұлттық қозғалысының аясы өте кең екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ тарихтан тарайды болса да тағылым беретін көрменің жастарды тарихи бір халықтардың болмысын тануға, құндылықтарымызды бағалауға шақыратынын атап өтті және осы сынды көрмелер республика көлемінде кенеітуге ниетті екенін білдірді.

— Біздің көрме — бұл көшпенділер әлеміне бойлаудың, табиғат, еркіндік және жана көкжиектерге деген ұмтылыстың үйлесімін көрсететін бірегей мүмкіндік. Оның ерекшелігі — алдағы уақытта өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына қатысатын қазақстандық спортшылардың фотосуреттерінің қойылуы. Осындай артықшылықтар дүбірлі додаға қатысатын спортшыларымызға халқының тарапынан рухани қолдау білдіріп, демеу болады деп ойлаймын, — дейді ол.

Көшпенділер рухы дәріптелетін көрме 8-13 қыркүйек аралығында өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының қонақтарына тарту-таралғы, кәдесыйларын ұсынуға әзір. Осыған орай көрме есігі келушілер үшін қыркүйек айының соңына дейін ашық тұрады.



МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ПОШТА МАРКАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында «Қазақстанның мәдениеті мен спорты» аясында мерейтойлық пошта маркасын арнайы мөрлеу рәсімі өтті. Бұл оқиға — көшпенді халықтардың бай мәдени мұрасын құрметтейтін және бағалайтын барлық жан үшін маңызды шара.

Мөрлеу рәсімі ресми ұйымдастырылды. Рәсім барысында ДКО дирекциясының басшысы Найыл Нұров бүгінгі іс-шараның маңызын атап өтіп, оның мәдени мәніне ерекше тоқталды.

«V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары — бұл тек спорттық іс-шара ғана емес, біздің дәстүрімізбен, мәдени мұрамызбен бірегей байланыс. Мерейтойлық пошта маркасын шығару — бұл біздің өткенімізге деген мақтаныштың және оны болашақ ұрпаққа жеткізуге деген ұмтылысымыздың символы. Бұл бастаманың адамдарды біріктіріп, көшпенді халықтардың мәдени дәстүрлерін сақтауға және дамытуға шабыттандыратынына сенеміз және қуаныштымыз», — деді ол.

Бұл пікір көшпенділер ойындарының терең мәдени маңыздылығын және мерейтойлық марканы шығарудың символдық мәнінің орны ерекше екенін көрсетті.

Сондай-ақ «Қазпошта» АҚ басқарма төрайымы Әсел Жанасова дәстүрімізді танытуда мерейтойлық пошта шығарудың насихаты кен екенін айтты.

«Мерейтойлық пошта маркасын шығару — бұл тек біздің мәдени мұрамызға деген құрмет белгісі ғана емес, сонымен қатар көшпенді халықтардың дәстүрлерін сақтау мен насихаттауға қосқан елеулі үлесіміз. Біз мәдени диалогтің дамуына және ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтуға өз үлесімізді қоса алатынымызды мақтан тұтамыз», — деді.

Марка тиражы 5000 дана, номиналды құны — 500 теңге. Ультракүлгін бояумен және алтын фольгамен бедерлеу арқылы қорғаныс элементтерін қолдана отырып жасалған марка кез келген коллекцияның ажырамас бөлігіне және көшпенді халықтардың мәдени мұрасына деген құрметтің символына айналды.

КӨКПАРШЫЛАР ДАЙЫНДЫҚҚА КІРІСТІ

Көкпардан ұлттық құрама спортшылары көшпенділер ойындары өтетін алаңда алғашқы дайындықтарын өткізді. Ұлттық құрама спортшылары «Қазанат» ипподромында көкпар және көкбөрі спорттары бойынша дайындықтарын бастады.



Дүбірлі додаға көкпардан ұлттық құрама мүшелері сақай сай. Бұл туралы ұлттық құрама капитаны Құрманбек Тұрғанбек айта берді.

«Біз Астанаға ертерек келіп, жылқылардың алаңға жылдам бейімделуіне жағдай жасап жатырмыз. Бүгін алаңмен таныстық. Сапасы өте жақсы. Әрине, дүбірлі дода өз жерімізде өтетін болғандықтан үлкен жауапкершілікті сезініп жатырмыз. Қолымыздан келгенін істейміз. Ең бастысы — көшпенділер ойындарында сәтті өнер көрсетіп, алтынға қол жеткіз» — деді ол.

Көкпар мен көкбөрі спортынан сайыс қыркүйектің 9-ы мен 12-сі аралығында елордадағы «Қазанат» ипподромының аумағында өтеді. Әр спорт түрінен 12 қатысушы болады.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында дайындығымызды пысықтау үшін Астанаға келдік. Ойын алаңы көңілімізден шықты, жылқыларға да өте ыңғайлы. Дайындық жоғары деңгейде өтіп жатыр. Біз соңғы рет көкбөріні 2016 жылы ойнадық. Осыған дейінгі тәжірибемізді ескерсек, көкбөрі спортынан біздің жігіттер алтыннан үмітті, — деді ұлттық құрама мүшесі Ұлан Байтөреев.

Айта кетейік, Республикалық «Көкпар» федерациясы Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қауымдастығының құрамына кіреді. Қауымдастық құрамында бұдан өзге «Бөйге», «Садақ ату», «Тенге ілу», «Аударыспақ», «Жамбы ату», «Құсбегілік», «Асық ату», JORYQ ат спорты және бірқатар федерациялары бар.

ГАЗЕТИМІЗДІҢ КЕЛЕСІ НӨМІРІ
2024 ЖЫЛДЫҢ 3 ҚЫРКҮЙЕГІ (СЕЙСЕНБІ) КҮНІ ШЫҒАДЫ



AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТЛШЛАЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алматы қаласы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Нәзгу НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баши ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғис ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama-aikyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(7171) 804-61-82
podpiska.alt@gmail.com

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Таспырыс №4490
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.

Газет аптасына 3 рет шығады